

С.А.Кипшаков, И.С.Утебаев, А.И.Сыздыкова

## Подготовка будущих педагогов к обучению основам предпринимательской деятельности в профильной школе

В статье рассматриваются вопросы подготовки будущих педагогов к обучению основам предпринимательской деятельности в профильной школе. Эта проблема наиболее актуальна, так как сегодня осуществляется переход к профильному обучению на высшей ступени общего образования. Авторами проанализированы виды предпринимательской деятельности, раскрыты значения понятий «профильное обучение», «профильная школа», выявлены способы разработки содержания некоторых актуальных направлений по организации предпринимательских основ в профильной школе.

The questions of preparation of the future teachers to training of bases of enterprise activity at profile school are considered in this article. This problem is most actual, as transition to profile training at the higher step of the general education today is carried out. Kinds of enterprise activity are analysed. Values of concepts «profile training», «profile school» are opened. Ways of working out of the maintenance of some actual directions on the organisation of enterprise bases at profile school are revealed.

ӘОЖ 378.147.88

Г.Н.Рамашова, Т.С.Төлеуова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

## Шетел тілін оқыту үдерісіндегі студенттердің оқытушымен сабақтан тыс өзіндік жұмысын ұйымдастыруы

Мақалада жоғары оқу орнында студенттердің оқытушымен бірге сабақтан тыс өзіндік жұмысын ұйымдастырудың жолдары қарастырылған. Авторлар студенттер орындайтын өзіндік жұмыстарының сан алуандығын баяндап, бұл оқыту түрін білім беру үрдісінің ажырамас бөлігі, оқыту әдісі оқу-ғылыми таным тәсілі болып табылатынын айқындаған. Оқыту үдерісін ұйымдастыру түрі сабақ екенін есепке ала отырып, өзіндік жұмыс тұлғаның белсенділігін жандандыру түрі, жоғары оқу орнын бітірушінің оқу-танымдық іс-әрекетінен жеке кәсіптік іс-әрекетке көшуіне жағдай жасайтын құрал болып саналатындығын атап өткен.

*Кілтті сөздер:* шетел тілін оқыту, студенттердің оқытушымен сабақтан тыс өзіндік жұмысын ұйымдастыру, оқыту әдісі, оқу-ғылыми таным тәсілі, білім беру жүйесі, аудиториядан тыс өзіндік жұмыс, оқу-әдістемелік кешен, кәсіптік іс-әрекет, несиелік оқыту технологиясы.

Қазіргі уақытта еліміздің білім беру жүйесінде білім беру құрылымын оңтайландыруға бағытталған және нарықтық қоғам құру талаптарына толық сәйкес келетін өзгерістер болып жатыр. Қазақстандағы ондаған жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлі білім беру үлгісі елімізде және бүкіл әлемдегі болып жатқан аса зор және шапшаң қоғамдық-экономикалық өзгерістерге ілесе алмауының мүмкіндігі күн өткен сайын ерекше сезілуде. Бүгінгі күні қоғам білім беру жүйесінен жан-жақты дамыған, өздігінен жұмыс істей алатын, ерекше жағдайларда әрекет жасай алатын және үздіксіз білім алуға талабы бар жастарды дайындауды талап етуде.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауында (Қазақстан – 2030) мемлекетіміздің стратегиясының аса маңызды бағыттарының бірі бүкіләлемдік қоғамдастықта Қазақстанның орнын анықтайтын білімді кадрлармен қамтамасыз ете алатын білім жүйесі екенін және оны жан-жақты дамыту керектігін атап өтті. Елбасы 2010 жылғы Жолдауында заманға сай білім алуға және озық технологияларды игеруге мүмкіндік беретін білім берудің тиімді инфрақұрылымын жасауды аяқтау керектігін баса айтты. Демек, жоғары мектеп алдында үздіксіз білім алу жағдайында шығармашылықпен жұмыс істей алатын жастарды тәрбиелеу мәселесі бірінші кезекте тұр.

Белсенді және шығармашылықпен жұмыс жасайтын болашақ маманды жан-жақты даярлау мәселесін шешудің тиімді жолдарының бірі жоғары оқу орындарында студенттің өзіндік іс-әрекетін жетілдіру және тұлғаның өздігінен шығармашылықпен жұмыс жасай білу қабілетін дамыту болып

отыр. Білім алу үдерісіндегі дербестікке және өздігінен оқу іс-әрекетімен айналысу мәселесіне Я.А.Коменский, Ж.-Ж.Руссо, ұлы Абай Құнанбаев, Шәкәрім, қазақтың педагогтары Ыбырай Алтынсарин, Мағжан Жұмабаев сияқты халқымыздың зиялылары назар аударды. А.И.Герцен және Н.Г.Чернышевский оқу үдерісіндегі өзіндік іс-әрекеттің рөлін атап өткен. Ғылыми әдебиеттердің қорытындысына сүйенер болсақ, студенттердің өздік жұмысының басты мәні өздік жұмыстарды басқару жолын анықтау, сабақтың дидактикалық мақсатын анықтау арқылы анықталады екен. Осы жерден бастап өздік жұмыстың түрлі тұжырымдамасы анықталады. Кейбір авторлар оны аудиториялық сабақтарда қолданылатын оқытудың әдісі немесе жолы деп қарастырса, кейбір авторлар оны оқыту сабақтарын ұйымдастырудың түрі ретінде қарастырады, ал үшінші бір авторлар тобы оны оқу қызметінің түрі деп қарастырады [1].

И.А.Зимняя шетел тілдерін оқыту әдістемесінде өздік жұмыстың үш түрін бөліп алып қарастырады: аудиториялық сабақ уақытында, лабораториялық жұмыс барысында және университеттен тыс уақытта. Аталған өздік жұмысының тек соңғы түрін ғана аудиториядан тыс жұмыс ретінде өте жиі қарастырады. Шетел тілдерін оқытудың көзқарасы тұрғысынан қарайтын болсақ, ұсынған түсініктің анықтамасын атап өту керек. Зимняяның айтуы бойынша, кең мағынадағы оқытушымен бірлесе отырып ұйымдастырылған өздік жұмысы дегеніміз — бұл студентке оқытушымен берілген немесе студент өзі өңдеген бағдарлама бойынша аудиторияда және аудиториядан тыс жұмыстармен қатар ұйымдастырылатын қызмет түрі [2].

«Аудиториядан тыс өздік жұмыс» түсінігіне неғұрлым толық анықтама берген В.М.Шур болатын, оның тұжырымдамасы бойынша: «аудиториядан тыс өздік жұмысы дегеніміз — бұл, бір жағынан, студенттердің өздігімен үйде немесе оқытушының басқаруынсыз лабораториялық жұмыс барысында орындалатын және, екінші жағынан, оқытушының қадағалауымен немесе оның үнемі кеңес беруімен жүргізілетін студенттердің өздік жұмысы» [3].

Сонымен, жоғарыда аталған түсініктерге және өздік жұмысының көшірме, жартылай шығармашылық және шығармашылық деп аталатын үш деңгейіне сүйене отырып, оқытушының басқаруымен шетел тілдерін оқытатын жоо студенттерінің өздік аудиториядан тыс оқу жұмыстары дегеніміз — бұл өз бетімен жұмыс жасаудың өте жоғарғы деңгейінде оқытушының қатаң басқаруымен университетте жүргізілетін оқытудың бір түрі. Бұл жерде ең басты шартты қарым-қатынас және қарым-қатынасты сипат назарға алынады.

Студенттердің оқытушымен қатар, сабақтан тыс өздік жұмысының аудиториядағы сабақпен өте тығыз байланысын да атап өткен жөн, себебі бұл байланыс студенттерді аудиторияда тіл бойынша берілген тапсырмаларды өте жоғарғы деңгейде орындауға дайындайды.

Қорытындылай келгенде, студенттердің оқытушымен қатар, сабақтан тыс өздік жұмысы да, аудиториялық сағаттарда да бір ғана тапсырманы шешуге бағытталған, яғни студенттерді қарым-қатынасты тіл қызметіне үйретуге байланысты, тапсырмаларды шешуге үйрету.

Өздік жұмысты зерттеген ғалымдардың өздері-ақ бұл үдерістің мұғалімнің жетекшілігімен құрылуы қажет екендігін анықтайды. Олар А.А.Алхазшвили, Т.Л.Батура, А.Л.Бердичевский, Г.И.Гонтарь, Л.А.Грачева, Л.И.Деревская, И.А.Зимняя, Н.И.Корчак, А.А.Леонтьев, А.С.Лурье, Р.К.Миньяр-Белоручев, О.З.Михайлова, Г.В.Рогова, Е.П.Кириллова, Ф.М.Ролкова, Л.А.Спиридовская, Н.В.Чайковская, С.Ф.Шатилов сынды ойшылдар. Атап айтсақ, оларда психологиялық-педагогикалық, әдістемелік сипат болады және олар бір-бірімен өте тығыз байланысты. Сондықтан оларды өзара қатынас жағынан қарастырған жөн. Сол кезде оларды үлкен екі топқа біріктіру мүмкіншілігі болады.

Бірінші топқа психологиялық-педагогикалық және әдістемелік жоспардағы жағдайлар, яғни, тікелей студенттердің оқу үрдісімен байланысы жатады. Ол мынадай: коммуникативті бағыт, яғни шетел тілін оқу қарым-қатынас құралы, соның ішінде педагогикалыққа; С.Ф.Шатилованың концепциясы бойынша, жаңа материалдармен жұмыс кезеңін есепке алу, оқу материалдарының бағдары негізінде шетел тілін меңгеруге арналған жаттығулар, ауқымды қолданысқа ие болған педагогикалық түр «өзін дайындау» секілді жеке және ортақ кеңес, сұхбаттама мен сынақ тұлғалықтың орындалуы мен оқудың дифференциациясына себепкер, оқытылушы өзінің бейіміне, тәжірибесіне және өзіндік ерекшеліктеріне тән ұжымдық жұмыста өз орнын табады. Сонымен қатар көшбасшы студенттің өзіндік жұмысына деген қызығушылық қарым-қатынас бірте-бірте сай қызметке және оқып үйренуі белсенді емес студенттерге көңіл аударуға мүмкіндік береді.

Екінші топ студенттердің оқытушымен қатар сабақтан тыс өздік жұмысы шартына сай мұғалімнің спецификалық қызметінің ашылуына бағытталған рөлі тек берілген қызмет материал

түріне сәйкес іріктеумен ғана шектелмейді, сонымен қатар студенттердің басқару ұйымы қызметі өзіндік жұмыс ахуалы үшін жағымды жасалған. Оқытушы кеңесші және байланыс кезінде әріптес болуы мүмкін, әсіресе жағдайлық-рөлдік және іскерлік ойындар кезінде ерекше көрінеді. Ол студенттерге толық өзіндік жұмысты игеруге көмектеседі (ақпараттық, танымдық, коммуникативтік және ұйымдық).

Негізінен студенттердің өздік жұмысы, яғни оның бастапқы ұйымдастыру сапасы, оқытушы мен студент арасындағы сан алуан түрлердегі әрекеттестіктерде көрініс алады, ол ұйымдасқан-педагогикалық нысанда жүргізіледі. Осыдан жеке, қос және ұжымдық нысандағы жұмыстардың құрамы мен мүмкіндіктері, оның өзара көмектесу мүмкіндігін туғызатын көрсеткішті, сонымен қатар өзіндік аудиториядан тыс типтік нұсқа құрылымының сабақтары анықталады.

С.Ф.Шатилованың көзқарасы бойынша, студенттердің оқытушымен қатар сабақтан тыс өздік жұмысындағы жаңа материалды өту барысын 3 кезеңін қарастыруға болады: ұйғарынды-таныс, ахуалды-стереотиптік, стереотиптік-нысанды. Негізі осы кезеңнің барлығы студенттердің оқытушымен қатар сабақтан тыс өздік жұмыстарда қолданады. Ол сөйлеу іс-әрекетінің түріне немесе тілдің аспектісіне байланысты. Негізі болып атқарушы кезеңі маңызды болады, ол мақсатқа, әдіске, оқытуға, ұйымдасқан-педагогикалық нысанға, тәртіптік жұмысқа және түрлі амалдарға тәуелді болады. Студенттердің оқытушымен қатар сабақтан тыс өздік жұмысының жетекші оқытушысына 3 үлгілі амалы бар: лингвистикалық (ұйғарынды карточканы құрау, жаңа сөздер негізінде сөздікте құралған; коммуникативтік сөйлеу) жатталған сөздерді қарым-қатынас үдеріс қолдану, лингво-әдістік) оқушыларға қандай бір құбылысты түсіндіру. Олардың шешімі әр түрлі қарым-қатынас тәртіпте бола алады:  $O-T-C$ ;  $C-C$ ;  $C-T$ ;  $C^1-C^2-C^3$ ;  $OT^1-OT^2$ , яғни  $O$  — оқытушы;  $C$  — студент;  $T$  — топ.

Аудиториядан тыс оқыту кезіндегі студенттің қызметін 3 кезеңге бөлген: таныстыру, жаттығу және қолдану. Солардың әрқайсысына бақылау қажет. Студент өзара әрекеттесуді қай тәртіппен және сөйлеу қызметінің қай түрі немесе тіл тұрғысы студенттердің оқытушымен қатар сабақтан тыс өздік жұмысына басым болады; студенттер тиімді қабылдаулар әдісін шетел тілді оқуда қолданады [4].

Студенттердің оқытушымен қатар сабақтан тыс өздік жұмысының тапсырмалары дифференциалданған, олар шетел тілдерді оқитын студенттердің дайындықтарын әр түрлі дәрежеде есепке алады және оқыту құралдар көмегімен беріле алады.

Студенттердің оқытушымен қатар сабақтан тыс өздік жұмысы кезінде студенттер тек жеке түрде емес, сонымен қатар қос, яғни екеуі бірігіп, сол сияқты кішігірім топта жетекшімен және оқытушымен өз білімдерін, тәртіптерін көздеуге алады, мәселен, өз істерін қадағалай білу және өз жора-жолдастарының білулерін ұйымдастыра алу және түзете білу, білімдерін бағалай алу және т.б.

Студенттердің оқытушымен атқаратын жетекші өзіндік жұмысында сөйлеу іс-әрекеттерінің айтылым сияқты түрлері және де оқылым, оның лексикалық сөйлеу аспектісімен, орфографиялық жазудағы (диалог, монолог) жүзеге асады. Білімділік дағдыларын арнайы талдау сөйлеу іс-әрекеттерімен тіл аспектілерінің меңгеруге бағытталу жаттығулар жеке дара жүзеге аспайды. Бұл зерттеу көрсетіп отырғандай, осы сұрақтарға жауапты студенттердің оқу үрдісінен тыс атқаратын өздік жұмыстары қамтамасыз етеді.

Студенттердің оқытушымен атқаратын жетекші өзіндік жұмысымен байланысты оқытушының студенттермен жүргізетін сабақ кіріспе дәріс түріндегі әңгіме арқылы басталады. Оқытушы білім алушылардың назарын алдағы тұрған жұмыстарын аударып отырып, сол пәнге деген мотивациялық ынтасын оятады. Бұл студенттерді алдағы атқарылатын іс-әрекетпен қарапайым таныстыру емес, тілді жоғары деңгейде меңгеру үшін оның мәнін тереңірек түсіндіру болып табылады [5].

Бұдан кейін студенттердің аудиториядан тыс білім алуы өздік жұмысын жалғасын тауып сол материалдарды аудиторияда өткізілетін сабақтарды пайдалана бастайды.

Студенттер лексиканы дамыту сабақтарында дербес түрде жаңа материалды қабылдайды, тілдік, контекстік сөздік немесе арнайы оқу құралдардың көмегімен жаңа материалды ұғынып, талдайды, семантика жағынан қиын сөздерді сөздік дәптерге жазып алады. Олар өзбетінше ұсынылған оқыту әдістерін пайдаланып, жаттығулар орындайды, кілттердің негізінде өзін-өзі түзеу мен бақылау жүргізеді, кішігірім топтарға бөлінеді, топтың көшбасшылары жаттығуларды орындауға жолдастарын бағыттап, өзінің және олардың қателерін түзейді.

Диалогтық тіл бірінші курста жетекші болғандықтан, сөйлеуден студенттердің оқытушымен қатар сабақтан тыс өздік жұмысы негізінен диалогтық сөздің дамуына бағытталған. Оқудың бұл түрін сөйлеудің жаттығу деңгейіне арнауға болады (диалогты фразалық бірлік ретінде үйрету және әр түрлі

типтегі бүтін диалогтарды үйрену). Бір сөзбен айтқанда, бұл жұмыс жүйелендірілген және шартты үйретілмеген тілдермен жұмыс істеуге бағытталған.

Өз сөзінде фразаларды қолдану үшін, студенттер дербес түрде мәтіндерден ақпаратты алады; диалогты сахналау мақсатында дербес түрде оның сызба нұсқасын салады; кейбір сөздерге сүйеніп, тілдік және сөздік материалды активтендіру, сонымен қатар қарым-қатынас формуласымен диалог-сұрауды өзбетінше өткізу мақсатында диалогтарды құрайды; өзбетінше тақырыпқа сай суреттерді іздестіреді, тірек сөздердің тізімін құрап, солардың көмегімен суреттерді сипаттайды, өзбетінше жұптағы студентпен сөйлеп, оның сөзін бағалайды. Осы сабақта студенттер рөлдік ойындарға дайындалады. Бір-бірімен ғана емес, сонымен қатар оқытушымен бірге әрекеттесіп, кейіпкерлердің атын ойдан шығарады, болашақ әрекеттің негізі болатын рөлдерді микробөлшектерге бөледі [6].

Сөздік диалог (монолог) түріндегі айтулардың дамытудағы өз бетінше сабақтан тыс оқулардың жетекші факторы осы жұмысты жүргізетін диалогтық тілді құрастыратын деңгей мен жұмыс формалары болып табылады. Осыған орай осындай сабақты өткізудің үш түрін ажыратады (дыбыс жазудың негізінде, баспа өңдеуінің көмегімен, экрандық құралдардың көмегімен).

Тыңдау студенттердің оқытушымен қатар сабақтан тыс өздік жұмысында бірінші курс студенттерге сөйлеу мен тыңдаудағы қиындықтарды жоюға мақсатталған арнайы жазуларды қосу қажет. Бұндай аудиомәтін арнайы жазылып, белгілі бір нақты өңдеулерден өтеді, лексикалық қиындықтың кейбір бөлшектері ғана сақталып, тілдік дамуына бағытталады. Аудиомәтіндер әр түрлі сипаттағы әңгімелерді қамтиды. Техникалық құралдарды қолдану жағынан тыңдаудағы студенттердің оқытушымен қатар сабақтан тыс өздік жұмысының екі түрі ажыратылады: біріншісі — дыбыс жазулардың негізінде, екіншісі — экрандық құралдардың көмегімен. Осындай сабақтың негізі тыңдауды дамыту мақсатын (тыңдауға дайындық, оны дамыту дағдылары), типтік жаттығуларды, педагогикалық-ұйымдастыру түрлері, жұмыс тәртібін есепке алу болып табылады.

Типтік сабақты аудару кезінде студенттер өзіндік жазба енгізе отырып, керекті ақпараттар іздеумен айналысады, сондай-ақ сөздікпен жұмыс істейді. Аталмыш тапсырмалар өзімен бірге дифференциалды түрдегі тілдік дайындықты қоса алады. Топтың ішіндегі студенттердің нашар естудің қабілетіне байланысты аударылатын мәтін оларға баспа түрінде беріледі. Мәтінде тілдік мақсаттық түрде индивидуалды, жеке дара, өзіндік жұмысынан кейін кішкене топтық мәліметпен айырбас мақсатына сүйене отыра, оқытушы үлгерімі жақсы студенттермен өзекті мәселе төңірегінде кішігірім отырыс ұйымдастыруына болады. Дәріс оқыту залында жүретін сабаққа студенттер жаңа ақпараттарды қолданумен ғана қоймай, студенттердің оқытушымен қатар сабақтан тыс өзіндік жұмысы түрінде сөйлеудегі материалдық құндылықтарды алу, олар «репортаж, хат, сұхбат» болып табылады.

Оқу бойынша өзіндік дәріс залынан тыс оқуға қатысты белгілі бір тарапта қызығушылық танытылады, уақыт факторын ескере отыра, рационалды танымдық оқытуға баулу. Бұл оқытудың түрі әрі қарай алдына өзіндік әдебиет оқытуға дайындық ретінде қаралады. Өйткені бұл әрекет болашақ өз ісінің мамандары — мұғалімдерге және әлеуметтік-мәдени тарапта қажет. Студенттердің оқытушымен қатар сабақтан тыс өзіндік жұмысы бойынша объектісі кіріспе оқуынан басқа орта мектептерге арналған оқу-әдістемелік кешеннің мәтіндері де болуы мүмкін. Дәріс залынан тыс оқыту сабақтарын жүргізу екі нұсқа бойынша жүзеге асырылады:

1. Баспа түрдегі мәтіннің арнайы дайындалған оқытушының шығармасы.
2. Оқу-әдістемелік кешен мәтіндерінің орта мектеп оқушыларына қатынасуын қарастырады (дұрыстай келгенде, кәсіби бағдардағы тапсырмаларды дұрыс орындау).

Бір жылдық оқытудың аяғына қарай олар каллиграфиялық түрде дұрыс жаза білулері тиіс, әдістеме бойынша дұрыс дәптерлеріне жаза білу, көру қабілетімен қателіктерді қабылдап, оларды жөндей білу еріксіз қабылданады.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін әр түрдегі диктант түрі жүргізіледі, сонымен қатар тапсырмалар дайындалады. Тексеру әрекеті — өзін-өзі бақылау, кілтті сөздер бағыты бойынша өзін-өзі тексеру. Студенттің қызметі баспа түріндегі экрандағы мәліметтер жоо мен мектепке қатысты тақырыптағы фотожазбалары осы бағыттарда ағып өтуі мүмкін. Үш түрлі бағыт ұсынылған:

- 1) оқу баспа түріндегі жұмыстар;
- 2) фото-жазбалардың көмегімен іске асатын студенттердің оқытушымен қатар сабақтан тыс өзіндік жұмысы;
- 3) жұмыс экрандағы мәліметтермен бейнелеудің көмегімен іске асатын жұмыстар.

Бұндай жұмыстар жазба жұмысының дұрыс іске асуына, яғни, студенттердің оқытушымен қатар сабақтан тыс өзіндік жұмысының графика және орфография бойынша дұрыс ұйғара білуін алға қояды.

Тақырып бойынша барлық жұмыс студенттердің оқытушымен қатар сабақтан тыс өзіндік жұмысының сынақпен қорытындыға келеді, студенттерге бұл тарапта оқытудың әрбір тақырыбын өте келе ескеріледі. Тақырып барысында студенттердің алға қойған мақсаттары коммуникативті сфера бойынша жұмысты тақырыптың сонына дейін толық меңгеру (жоғарыда айтылған әдісті І-курсқа арналған жаңа «Неміс тілі» оқулығының авторы А.Л.Бердичевский пайдаланған) болып табылады.

Сынақ кезінде студенттер өзін және өзінің жолдастарын бағалай отыра, жеке, жұптарда және көшбасшысы бар кішігірім топтарда жұмыс жасайды. Олар екі түрлі бағаны қолданады: «қанағаттанарлық» және «үздік» (тапсырманың күрделілігіне байланысты) [7].

Теориялық мағлұматтарды негізге ала отырып, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің шетел тілдер факультетінің І-курсының 2009/2010 оқу жылындағы тәжірибелік оқыту негізінде жасалған өңделген әдістеменің тексерісін жорамалдадық.

Негізгі тәжірибелік оқытудың алдында барлайтын оқыту болды, оның мақсаты — кейбір оқытудың әдістері, формалары мен құралдардың қолданылуының тиімділігін анықтау. Сонымен қатар студенттермен, оқытушымен қатар сабақтан тыс өздік жұмысын ұйымдастырудың ауызша және жазбаша тәжірибе кезінде І-курс студенттерінің әрекетін тексеру болып табылады.

Барлау оқыту кезінде 10 адамнан тұратын екі топта үш сабақ өткізілді: тыңдалым, сөйлеудің лексикалық аспектісі, диалогтік және монологтік сөйлеудің дамуы бойынша. Бейнефильмінің түсірілімімен қоса өзге де материалдарды оқытушы дайындады. Бұның нәтижелерін талдау І-курс студенттері оқытушымен басқарылған, студенттермен оқытушымен қатар сабақтан тыс өздік жұмысын ұйымдастырудың берілген жүргізу әдіснамасына оң көзқарас танытқанын көрсетті, кейбір жеке мәтіндердің оңайлатуына мамандандырылған жаттығуларының қосылуымен, оқытудың ең тиімді әдістерін және студенттердің өзара ықпалдастығының тәртіптерін анықтау бойынша ескертулер есепке алынды.

Оның ұйымдастырылуы үшін студенттердің еске сақтау типтерін анықтауға мүмкіндік беретін арнайы тестілеу өткізілді (К.И.Бычкованың әдістемесі бойынша) және де оқу деңгейін анықтады (Ю.А.Веденяпиннің әдістемесі бойынша).

Қазіргі таңда Қазақстанның көпшілік жоғары оқу орындарында жаһандану үдерісінің талаптарына лайық пайдаланылып жүрген ереженің мазмұнын талдай келе, біз мынадай қорытындыға келдік.

Біріншіден, жанр оқу жүйесінің демократизациялану мен гуманизациялануға бағытталғандығын көрсетеді. Екіншіден, несиелік оқу жағдайындағы оқу үрдісінің бұрынғы дәстүрлі жүйеден педагогикалық-психологиялық тұрғыдан қарағанда ұйымдастырылуы, оқу-әдістемелік, бақылау және қадағалау жүйесінің мүлдем басқаша екендігін байқатады. Үшіншіден, оқу үрдісінде бұрын-соңды аса мән берілмеген оқытушы мен студенттің, студент пен студент арасында сенім мен ынтымақтастық, диалогтық және мәдени қарым-қатынастың қажеттілігін аңғартады. Төртіншіден, оқу үрдісінде студенттерге қойылатын талаптардың жан-жақты екендігін байқауға болады, атап айтқанда, студенттерді өздігінен іздене білуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыландыратын жүйе болып табылады. Бесіншіден, оқу үрдісінің субъектілерінің атқаратын қызметіне байланысты жаңаша атауларын көрсетеді (мысалы, оқытушы-тьютор, эдвайзер, офис-регистратор және т.б.).

Несиелік оқыту жағдайында студенттердің өздігінен орындайтын жұмыстарын ұйымдастырудың педагогикалық шарттары проблемасы төмендегідей қорытынды мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді:

- бүгінгі қоғамның әлеуметтік-саяси, экономикалық және рухани дамуы болашақ мамандардың білім сапасын түпкілікті өзгертіп жақсартуды талап етеді;
- зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми еңбектерге, оқу-әдістемелік әдебиеттерге жасалған талдаулар «өзіндік жұмыс» ұғымының мәні мен мазмұнын анықтауға септігін тигізіп, өздігінен орындалатын жұмыстарды ұйымдастырудың теориялық негіздерін айқындайды;
- студенттердің өздігінен орындайтын жұмыстарының педагогикалық жүйесін оқу іс-әрекетінде арнайы ұйымдастыру кредиттік оқыту үдерісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Әмірова Ә.С. 12 жылдық орта білім беруге көшудің кейбір мәселелері // Бастауыш мектеп. — 2007. — № 5. — 12-б.
- 2 Темербаева Н.А. Кредиттік оқу жүйесінде студенттерді модульдік технология арқылы оқыту. — Астана: Атамұра, 2008. — 25 б.
- 3 Арапова К.М. Кредиттік оқыту жағдайында студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың педагогикалық шарттары. — Алматы: Әрекет-Принт, 2007. — 33-б.
- 4 Бердібаева С.Қ., Әділова Э.Т. Студенттердің өздігінен білім алуы // ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сер. — № 2. — 2008. — 54 б.
- 5 Кенжебаева Г.С. Кредиттік жүйедегі оқыту технологияларының қолданылуы // Ұлағат. — 2009. — № 3. — 6-б.
- 6 Тлепина Ш.В. Студенттердің өзіндік жұмысы мәселесі // Білім-Образование. — 2009. — № 2. — 24 б.
- 7 2015 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының білім беру тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. — 2004. — № 15. — 3-5-б.

Г.Н.Рамашова, Т.С.Тулеуова

### Организация самостоятельной внеаудиторной работы студентов под руководством преподавателя в процессе преподавания иностранного языка

В статье рассматривается самостоятельная внеаудиторная учебная деятельность студентов под руководством преподавателя на первом курсе языкового факультета с использованием различных форм работы (индивидуальных, парных, групповых, коллективных) с учетом метакогнитивных процессов обучающихся. Авторами сделана попытка раскрыть сущность понятия самостоятельной работы, которая даёт студентам возможность развития и совершенствования навыков и умений иноязычной речи, а также повышения уровня владения общением, в том числе и педагогическим.

The article deals with individual outside the classroom academic work of students under the guidance of a teacher in the first year of language faculty with using various forms of work (individual, pair, group and collective) and also with the met cognitive processes of students. The authors have attempted to reveal the essence of the concept of independent work, which gives students the opportunity to develop and improve the skills of foreign speech, as well as increased ownership of communication, including teaching.

ӘОЖ 378: [37.026.1: 008]

Г.К.Тлеужанова, Д.Д.Шалдыбаева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

### Студенттердің ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыру мәселелері

Мақала студенттердің оқу-танымдық қызметін одан әрі дамытын, теоретикалық білімдер мен практикалық дағдылар жүйесінің құратын, өз қызметін жобалау және жорамалдаудың ең маңызды құралы ретінде қазіргі заманғы ғылымға деген қарым-қатынасты қалыптастыруға көмектесетін, сонымен қатар ізденіс белсенділігінің функционалдау нәтижесінде туатын және зерттеу қимыл іс-әрекет негізінде құралатын интеллектуалды-шығармашылық қызметінің ерекше түрі деп қарастырылатын ғылыми-зерттеу мәдениетіне арналады.

*Кілтті сөздер:* студенттердің ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыру, тұлға, мәдени қызмет, оқу-зерттеу қызметі, ғылыми-зерттеу қызметі, кәсіби құзыреттілігі, мақсатқа жету тәсілі.

Мәдениетті тұлғаны тәрбиелеуде қажетті және жеткілікті жағдайларды шығару компонентінде ғылыми ойлаудың жоғары мәдениеті өзін-өзі тану, өзін-өзі іске асыру, жеке тұлғалар арасындағы ғылыми диалог жоғары оқу орнындағы білім сапасын жетілдірудің басым стратегиялардың бірі. Стратегиялардың іргетасы жоғары оқу орнының оқу үрдісінде студенттердің оқу-зерттеу және ғылыми-зерттеу қызметін тәрбиелеу мәдениеті болып табылады.